

Қазақстан Республикасының визаларын беру ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің м.а. 2009 жылғы 14 желтоқсандағы N 08-1-1-1/457 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2009 жылғы 22 желтоқсандағы N 488 Бірлескен бұйрықтары. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 20 қаңтарда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6011 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің м.а. 2013 жылғы 05 наурыздағы № 08-1-1-1/71 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2013 жылғы 07 наурыздағы № 175 Бірлескен бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 05.03.2013 № 08-1-1-1/71 және ҚР Ішкі істер министрінің 07.03.2013 № 175 Бірлескен бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қолданушылардың назарына!

Осы бұйрық 2010 жылғы 1 наурыздан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының визаларын беру тәртібін одан әрі жетілдіру мақсатында, **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының визаларын беру ережелері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысы – Сыртқы істер министрінің, Сыртқы істер министрінің, Сыртқы істер министрінің міндетін атқарушының және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бірлескен бұйрықтарының осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес күші жойылды деп танылсын.

3. Осы бұйрық 2010 жылғы 1 наурыздан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрінің
міндетін атқарушы *Н. Әбіқаев*

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі *С. Баймағанбетов*

« К е л і с і л г е н »

Қазақстан Республикасының
Ұлттық қауіпсіздік
комитетінің төрағасы

2009 жылғы 25 Ә. Шаяхметов
желтоқсан

Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрі
міндетін атқарушының
2009 жылғы 14 желтоқсандағы
№ 08-1-1-1/457 және
Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2009 жылғы 22 желтоқсандағы
№ 488 бірлескен бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының визаларын беру ережелері

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер «Шетелдіктердің Қазақстан Республикасында болуын құқықтық реттеудің жекелеген мәселелері» атты Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қаңтардағы № 136 қаулысымен бекітілген Шетелдіктердің Қазақстан Республикасына келуінің және болуының, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасынан кету тәртібінің 10-тармағына сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасына кіретін, Қазақстан Республикасынан шығатын, Қазақстан Республикасында болатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитпен өтетін шетелдіктерге виза беру тәртібін белгілейді.

Осы Ережелер қағидалары азаматтығы жоқ тұлғаларға да қатысты болып табылады.

2. Визаларды беруді:

1) шетелде – Қазақстан Республикасының шетелдердегі мекемелері (бұдан әрі – ҚР шетелдердегі мекемелері);

2) Қазақстан Республикасының аумағында:
Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Консулдық қызмет департаменті (бұдан әрі – ҚР СІМ);

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полициясы комитетінің көші-қон полициясы басқармасы және Астана, Алматы қалаларының және облыстардың Ішкі істер департаменттерінің көші-қон полициясы

басқармалары (бұдан әрі – ҚР ПМ) жүргізеді.

3. Визалардың ұзартылуын ҚР СІМ және ҚР ПМ жүзеге асырады.

4. Қазақстан Республикасының визаларын (бұдан әрі – ҚР визалары) беруге төмендегі құжаттар негіз болып табылады:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының, Қазақстан Республикасында тіркелген шет мемлекеттері дипломатиялық өкілдіктерінің, консулдық мекемелерінің, халықаралық ұйымдардың осы Ережелердің 1-қосымшасына сәйкес жазбаша өтініштері;

2) Қазақстан Республикасына жеке шаруаларымен және тұрақты тұруға келген, сонымен қатар Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктерге арналған ішкі істер органдарының рұқсаты;

3) Заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасына шетелдіктерді шақыру үшін ҚР СІМ-не ұсынылған жазбаша өтініштері;

4) Алматы қаласындағы өңірлік қаржы орталығының қызметін реттейтін уәкілетті органның (бұдан әрі – АӨҚО) Қазақстан Республикасының аумағына қаржы орталығында қызметін жүзеге асыру үшін келетін шетелдіктерге виза беруге байланысты қолдау хаты.

5. ҚР визаларын беру кезінде шетелдіктің азаматтығы бар елдегі көші-қон а х у а л ы е с к е р і л е д і .

6. Визалық құжаттардың ресімделуі және ҚР ҰҚК–мен келісілуі ақпараттық жүйені пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

2. Визаның мәртелігі

7. ҚР визалары бір мәртелік, екі мәртелік, үш мәртелік және көп мәртелік б о л у ы м ү м к і н .

8. Визаның қолдану мерзімінің шегінде бір мәртелік визалар шетелдікке Қазақстан Республикасына бір мәрте келуге және Қазақстан Республикасынан шығуға құқық береді, екі, үш және көп мәртелік визалар тиісінше шетелдікке Қазақстан Республикасына екі, үш және көп мәрте келуге және Қазақстан Республикасынан шығуға құқық береді.

3. Виза санаттары

9. Визалар санаттары бойынша төмендегідей бөлінеді:

1) дипломаттық (ДВ);

2) қызметтік (ҚВ);

3) инвесторлық (ИНВ);

4) іскерлік (ІСВ);

5) жеке (ЖСВ);

- 6) туристік (ТСВ);
- 7) миссионерлік (МИВ);
- 8) оқуға (ОУВ);
- 9) емделуге (ЕАВ);
- 10) жұмысқа (ЖЕВ);
- 11) тұрақты тұруға (ТТВ);
- 12) шығу визасы (ШЖВ);

13) транзиттік (ТВ).

4. Дипломаттық виза (ДВ)

10. Дипломаттық визалар:

1) Қазақстан Республикасына жұмыс істеу үшін жіберілетін Қазақстан Республикасында тіркелген шетел дипломаттық өкілдіктерінің дипломаттық агенттеріне және консулдық мекемелердің консулдық лауазымды тұлғаларына және олардың отбасыларының мүшелеріне;

2) Қазақстан Республикасына қызметтік сапармен жіберілетін, дипломаттық паспорттардың иелеріне;

3) Дипломаттық агенттің мәртебесіне теңестірілген халықаралық ұйымдардың паспорттарының иелеріне;

4) Қазақстан Республикасында тіркелген халықаралық ұйымдардың қызметкерлеріне және олардың отбасыларының мүшелеріне;

5) шетел мемлекеттерінің, үкіметтерінің басшыларына және олардың отбасы мүшелеріне;

6) дипломаттық паспорттарының иелері - шет мемлекеттері парламентінің, үкіметінің мүшелеріне және олардың отбасының мүшелеріне, сонымен қатар дипломаттық паспорттардың иелері – шетел ресми делегациясының мүшелеріне және олармен бірге жүретін адамдарға;

7) курьерлік парағы бар болған жағдайда, дипломаттық поштаны тасымалдаушы дипломаттық паспорттардың иелері – дипломаттық курьерлерге;

8) Қазақстан Республикасының құрметті консулдарына және олардың отбасы мүшелеріне;

9) Қазақстан Республикасында тіркелген шетел мемлекеттерінің құрметті консулдарына және олардың отбасы мүшелеріне беріледі.

11. Дипломаттық визалар төмендегі тұлғаларға берілмейді:

1) дипломаттық паспорттарын көрсеткен, бірақ Қазақстан Республикасында дипломаттық сапасы танылмайтын тұлғаларға;

2) дипломаттық поштаны тасымалдаушы адамның дипломаттық паспорты жоқ болған жағдайда.

12. Дипломаттық визалар бір, екі, үш және көп мәрте келуге және шығуға беріледі.

5. Қызметтік виза (ҚВ)

13. Қызметтік визалар:

1) Дипломаттық агент мәртебесіне теңестірілмеген халықаралық ұйымдар паспорттарының иелеріне және халықаралық ұйымдарда жұмыс істейтін ұлттық паспорт иелеріне;

2) Қазақстан Республикасына қызметтік істер бойынша жіберілген қызметтік паспорт иелеріне;

3) ресми шетел делегацияларының мүшелеріне және олармен бірге жүретін адамдарға;

4) Қазақстан Республикасында тіркелген халықаралық ұйымдар мен шет мемлекеттер дипломаттық өкілдіктерінің әкімшілік - техникалық және қызмет көрсетуші персоналына, консулдық қызметшілерге, шет мемлекеттердің консулдық мекемелерінің қызмет көрсетуші персоналына және олардың отбасы мүшелеріне;

5) дипломаттық поштаны тасымалдаушы дипломаттық курьерлерге, егер дипломаттық паспорты жоқ және курьерлік парағы болған жағдайда;

6) Қазақстан Республикасына Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасының Парламентінің, Қазақстан Республикасының Үкіметінің, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесінің, Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотының және Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясының, Қазақстан Республикасы Президентіне тікелей бағынышты және есепті органдардың, Қазақстан Республикасының орталық атқару органдарының шақыруымен келетін тұлғаларға;

7) Қазақстан Республикасына қызметтік істер бойынша жіберілетін шет мемлекеттердің әскери қызметшілеріне;

8) Қазақстан Республикасында тіркелген шетел дипломаттық өкілдіктерінің, консулдық мекемелерінің және халықаралық ұйымдардың шақыруымен Қазақстан Республикасына іссапарға жіберілген тұлғаларға;

9) Қазақстан Республикасында тіркелген және ҚР СІМ басшылығының нұсқауы негізінде Қазақстан Республикасына жіберілетін бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне беріледі.

14. Қызметтік визалар бір, екі, үш және көп мәрте келуге және шығуға беріледі.

6. Инвесторлық виза (ИНВ)

15. Инвесторлық визалар Қазақстан Республикасының экономикасын инвестициялауға қатысушы шетелдік заңды тұлғалардың басқарушы буындарының басшылары мен өкілдеріне, АӨҚО қатысушыларына, сондай-ақ олардың отбасының мүшелеріне беріледі.

16. Бір мәртелік инвесторлық визалар шетелдіктерге ҚР СІМ басшылығының нұсқауы бойынша, не болмаса ҚР шетелдегі мекемелері басшыларының келісімі бойынша шетелдік заңды тұлғалардың немесе Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігінің Инвестициялар жөніндегі комитетінің қолдаухаты болған жағдайда, оларға Қазақстан Республикасының аумағына кіруге шектеу жоқтығы алдын ала тексеріліп, шақыру қағазсыз, өтініш білдірілген күні беріледі, кейін виза берілген фактісі ҚР СІМ-ге хабардар етіледі.

АӨҚО қызметін реттейтін уәкілетті органның қолдаухаттары бойынша АӨҚО қатысушыларына 30 тәулік мерзімге дейін бір мәртелік инвесторлық визаларды өтініш жасаған күні беруге болады.

17. Көп мәртелік инвесторлық визалар АӨҚО қызметін реттейтін уәкілетті органның қолдаухаты және ҚР СІМ, ҚР ІІМ мен ҚР ҰҚК-мен келісілген паспорттық деректері бар АӨҚО-ға қатысушылардың (дилерлер, брокерлер және эмитенттер) тізімдері негізінде, АӨҚО қатысушыларына, АӨҚО әкімшілігі жанындағы халықаралық кеңес мүшелеріне, сонымен қатар олардың отбасының мүшелеріне беріледі. АӨҚО қызметін реттейтін уәкілетті органның қолдаухаттарының ұлттық қауіпсіздік органдарында келісілуі 3 жұмыс күнінен аспайтын мерзім ішінде жүзеге асырылады. Көп мәртелік инвесторлық визалар беру барысында ҚР СІМ-нің келісімі талап етіледі.

18. АӨҚО қызметін реттейтін уәкілетті орган ҚР СІМ-ге, ҚР ІІМ-ге және ҚР ҰҚК-ға, осы Ережелердің 17-тармағында қарастырылған дұрыс мәліметтерді у а қ ы т ы н д а б е р е д і .

19. Инвесторлық визалар бір, екі, үш және көп мәрте келуге және шығуға беріледі.

7. Іскерлік виза (ІСВ)

20. Іскерлік визалары Қазақстан Республикасына келесі іскерлік мақсаттармен келетін шетелдіктерге:

- 1) і с с а п а р ;

- 2) келіссөздер жүргізу, келісім-шарттар жасасу, консультациялық және аудиторлық қызметтер көрсету;

- 3) конференцияларға, симпозиумдарға, форумдарға, көрмелерге,

концерттерге, мәдени, ғылыми, спорттық және басқа да іс-шараларға қатысу;

4) мектеп оқушылары, студенттер және жастар арасындағы алмасу бағдарламалары бойынша, Қазақстан Республикасының оқу орындарында оқудан
б а с қ а ;

5) халықаралық автомобильдік тасымалдауды жүзеге асыру;

6) Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ХААҰ) куәлігі жоқ кезекті және чартерлік рейстер ұшақтарының экипаждары мүшелеріне, сондай-ақ поезд бригадаларына және кемелер экипаждарының мүшелеріне;

7) гуманитарлық көмекпен бірге жүрушілерге;

8) жоғарғы оқу орындарында қысқа мерзімді дәріс оқу, сабақ жүргізу;

9) жабдықтарды жинақтау, жөндеу және оларға техникалық қызмет көрсету;

10) Қазақстан Республикасының әділет органдарында тіркелген заңды тұлғалардың құрылтайшыларына, ұйымдастырушыларына беріледі.

21. Искерлік (ICB) санаттағы визаларды беруге төмендегілер негіз болып
т а б ы л а д ы :

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының және мемлекеттік емес заңды тұлғаларының, Қазақстан Республикасында тіркелген дипломаттық өкілдіктердің, шет мемлекеттердің консулдық мекемелерінің, халықаралық ұйымдардың шақыруы ;

2) осы Ережелердің 2-қосымшасында көрсетілген елдер азаматтарының ҚР шетелдердегі мекемелеріне білдірген жазбаша өтініші, сондай-ақ ұлты қазақ шетелдіктер (ұлтын растайтын құжаттары болған жағдайда) шақыру қағазсыз және ҚР СІМ-нің нұсқауысыз .

22. Искерлік визалар бір, екі, үш және көп мәрте келуге және шығуға беріледі.

8. Жеке виза (ЖСВ)

23. Жеке визалар Қазақстан Республикасына жеке сапар бойынша келетін шетелдіктерге төмендегі құжаттардың біреуінің негізінде беріледі:

1) ҚР ІІМ берген шақыру қағазы;

2) Қазақстан Республикасында тіркелген шет мемлекеттің дипломатиялық өкілдіктерінің, консулдық мекемелерінің және халықаралық ұйымдардың шақыруы негізінде ресімделген ҚР СІМ-нің виза беру туралы нұсқауы;

3) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің шешімі негізінде Қазақстан Республикасының аумағындағы түзету мекемелерінде жазасын өтеп жатқан адамдармен кездесуге келетін шетел азаматтары үшін ресімделген ҚР СІМ-нің виза беру туралы нұсқауы;

4) Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын балаларды ұл (қыз) етіп асырап алғысы келетін және асырап алуға кандидат ретінде консулдық

есепте тұрған шетел азаматтары үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің (бұдан әрі – ҚР БҒМ), Қазақстан Республикасы облыстарының және Астана мен Алматы қалаларының білім басқармаларының шақыруы негізінде ресімделген ҚР СІМ-нің виза беру туралы нұсқауы;

5) Қазақстан Республикасына туыстары мен жақындарын жерлеуге немесе олардың ауыр науқастанулары себебімен келетін шетелдіктердің растайтын құжаттары қоса берілген жазбаша өтініштері;

6) Қазақстан Республикасымен байланысын растайтын құжаттары қоса берілген (ұлттық паспорттағы Қазақстан Республикасында тұрғандығы туралы бағаны немесе Қазақстан Республикасында туғандығы туралы куәлігі, Қазақстан Республикасында жақын туысқанының жерленгендігі туралы құжаты, Қазақстан Республикасының азаматтығынан шыққандығы туралы анықтамасы немесе Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқандығы туралы анықтамасы) шетелдіктердің жазбаша өтініштері;

7) Қазақстан Республикасының азаматтығын растайтын құжаттарды немесе тұруға ықтиярхатты алуға дейін Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын ұлты қазақ шетелдіктердің (қазақ ұлтына қатыстылығын растайтын құжаттары болған жағдайда) жазбаша өтініштері;

8) осы Тәртіптің 2-қосымшасында көрсетілген елдер азаматтарының жазбаша өтініштері;

9) шетел азаматтары болып табылатын жұбайларымен, балаларымен немесе ата-аналарымен Қазақстан Республикасына бірге келетін Қазақстан Республикасы азаматтарының ҚР СІМ-мен келісілген жазбаша өтініштері.

24. Жеке визалар бір, екі және үш мәрте келуге және шығуға беріледі.

9. Туристік виза (ТСВ)

25. Туристік виза Қазақстан Республикасына турист ретінде келетін шетелдіктерге беріледі.

Туристік виза туроператорлық, турагенттік қызметті жүзеге асыру, туризм инструкторы қызметін көрсету құқығына лицензиясы бар Қазақстан Республикасының туристік мекемесінің шетелдікті қабылдауын растауы және ҚР СІМ-нің визалық қолдауы болған жағдайда беріледі.

26. Осы Ережелердің 2-қосымшасында көрсетілген елдердің азаматтарына және ұлты қазақ шетелдіктерге (қазақ ұлтына қатыстылығын растайтын құжаттары болса) жазбаша өтініштері немесе шетел туристік мекемелерінің өтініштері негізінде бір және екі мәртелік туристік визалар беріледі.

27. Туристік визалар бір, екі және үш мәрте келуге және кетуге беріледі.

10. Миссионерлік виза (МИВ)

28. Миссионерлік виза Қазақстан Республикасына діни-ағартушылық қызмет атқаруға келетін шетелдіктерге беріледі.

Миссионерлік визалар Қазақстан Республикасы аумағында тіркелген діни қоғамның діни қоғамдармен байланыс жөніндегі уәкілетті органмен келісілген шақыруы негізінде беріледі.

29. Миссионерлік визалар бір, екі, үш және көп мәрте келуге және кетуге беріледі.

11. Оқуға арналған виза (ОУВ)

30. Оқуға арналған визалар:

1) Қазақстан Республикасының әділет органдарында тіркелген оқу орындарының немесе ҚР БҒМ-нің жазбаша өтініші негізінде ресімделген, ҚР СІМ-нің визалық қолдауы болған жағдайда, Қазақстан Республикасындағы жоғарғы және орта оқу орындарына түсу үшін немесе осы оқу орындарында оқу үшін келген;

2) Қазақстан Республикасына іс-тәжірибеден, тағылымдамадан өту үшін – Қазақстан Республикасының әділет органдарында тіркелген шет мемлекеттердің заңды тұлғаларының, дипломатиялық өкілдіктерінің, консулдық мекемелерінің, ҚР-да тіркелген халықаралық ұйымдардың жазбаша өтініштері негізінде келген;

3) Қазақстан Республикасының әділет органдарында тіркелген оқу орындарының немесе ҚР БҒМ-нің жазбаша өтініштері негізінде – Қазақстан Республикасына уақытша келіп, оқу орындарына түскен ұлты қазақ (қазақ ұлтына қатыстылығын растайтын құжаттары болса) шетелдіктерге беріледі.

31. Оқуға (ОУВ) санатындағы визалар бір, екі және көп мәрте келуге және кетуге беріледі.

12. Емделуге арналған виза (ЕАВ)

32. Емделуге арналған визалар:

1) Қазақстан Республикасының әділет органдарында тіркелген медициналық мекемелердің немесе ҚР денсаулық сақтау министрлігінің (бұдан әрі – ҚР ДМ) жазбаша өтініштері негізінде ресімделген ҚР СІМ-нің визалық қолдауы болған жағдайда, Қазақстан Республикасына емделу, медициналық тексерілу және консультациялар үшін келетін шетелдіктерге;

2) Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдіктерге тұрақты емделу қажет болған жағдайда – жеке және заңды тұлғалардың жазбаша өтініштері негізінде, медициналық мекемелер берген осы емделудің қажеттігін

растайтын құжаттары болған жағдайда;

3) осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген тұлғалармен бірге жүретін шетелдіктерге – Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау субъектілерінің немесе ҚР ДМ-нің жазбаша өтініштері негізінде беріледі.

33. Емделуге арналған визалар бір және екі мәрте келуге және кетуге беріледі.

13. Жұмысқа арналған виза (ЖЕВ)

34. Жұмысқа арналған визалар:

1) Қазақстан Республикасына жұмысқа келетін шетелдіктерге – ҚР СІМ-нің визалық қолдауы негізінде, шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсаты мен ҚР-да тіркелген заңды тұлғалардың жазбаша өтініші болған жағдайда;

2) Қазақстан Республикасына жұмысқа келетін шетелдіктерге олардан Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес жұмыс істеуге арналған рұқсаттарды алу талап етілмейтін жағдайда – Қазақстан Республикасында тіркелген заңды тұлғалардың жазбаша өтініштері негізінде;

3) осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген тұлғалардың асырауындағы жұмыс істемейтін отбасы мүшелеріне, визадағы «жұмысқа құқығы жоқ» деген жазуды көрсете отырып – Қазақстан Республикасының әділет органдарында тіркелген заңды тұлғалардың жазбаша өтініштері, осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларындағы көрсетілген тұлғалармен туысқандығын растайтын құжаттары, сондай-ақ осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларындағы көрсетілген тұлғалардың жұмысқа арналған визасының көшірмесі негізінде беріледі.

35. Жұмысқа арналған визалар бір, екі, үш және көп мәрте келуге және кетуге беріледі.

14. Тұрақты тұруға арналған виза (ТТВ)

36. Тұрақты тұруға арналған визалар:

1) Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға келетін шетелдіктерге – ҚР ҰҚК және уәкілетті органдармен келісілген ҚР СІМ-нің визалық қолдауы болған жағдайда, жеке жазбаша өтініштері негізінде;

2) Қазақстан Республикасына жеке істер бойынша келіп, ҚР-да тұрақты тұруға қалдыру туралы өтініш берген шетелдіктерге – осы Ережелердің 2-қосымшасында көрсетілген мемлекеттердің азаматтарының және ұлты қазақ шетелдіктердің (қазақ ұлтына қатыстылығын растайтын құжаттары болса) жеке жазбаша өтініштері негізінде;

3) Қазақстан Республикасында саяси баспана немесе босқын мәртебесін беру

туралы қолдау хатпен өтініш білдірген шетелдіктерге беріледі.

37. Тұрақты тұруға арналған визалар бір және екі мәрте келуге және кетуге беріледі.

15. Шығу визасы (ШЖВ)

38. Шығу визалары:

1) Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктерге – ішкі істер органдарының рұқсаты негізінде;

2) Қазақстан Республика аумағында паспорты немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасынан өтуге рұқсат беретін басқа да құжаттары жоғалған жағдайда – шет мемлекеттердің дипломаттық өкілдіктерінің, консулдық мекемелерінің жазбаша өтініштері және тұрақты тұратын мемлекетке қайту туралы куәлігі негізінде;

3) заңнамаға сәйкес белгіленген тәртіп бойынша Қазақстан Республикасынан шетелдікті шығарып жіберу туралы шешім қабылданған жағдайда – шетелдікті шығару туралы соттың шешімі негізінде беріледі.

39. Осы санаттағы визалар тек кетуге ғана беріледі.

16. Транзиттік виза (ТВ)

40. Транзиттік визалар үшінші елге кіруге құқық беретін жол жүру құжаттары, ресімделген визасы немесе өзге де жарамды құжаттары бар, визасыз Қазақстан Республикасы аумағында транзитке құқығы жоқ шетелдіктердің Қазақстан Республикасының аумағы арқылы өтулері үшін беріледі.

41. Қазақстан Республикасы аумағынан шектес мемлекетке жеке автокөлігімен өтетін шетелдіктерге жоғарыдағы көрсетілген құжаттар, жүргізуші куәлігі және автокөлікке тиісті құжаттары болған жағдайда беріледі.

42. Транзиттік визалар бір, екі және үш мәрте келуге және кетуге береді.

17. ҚР визаларын алмастыратын құжаттар

43. ҚР визаларын алмастыратын құжаттар:

1) Қазақстан Республикасында тіркелген дипломаттық өкілдіктердің қызметкерлеріне, шетелдік консулдық мекемелердің жұмысшыларына, халықаралық ұйымдардың қызметкерлеріне, оларға теңестірілген тұлғаларға және отбасы мүшелеріне ҚР СІМ берген тіркеу куәліктері;

2) Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктерге ҚР ІІМ берген тұруға ықтияхат;

3) ҚР ІІМ берген азаматтығы жоқ тұлғалардың куәлігі;

4) Паспортында немесе ҚР мемлекеттік шекарасынан өтуге рұқсат беретін басқа да құжаттарында шығарып жіберу туралы мөртабан болған жағдайда шетелдікті шығару жөніндегі соттың қаулысы болып табылады.

18. Визалардың болу мақсатына сәйкестігі

44. Визаларды беру негіздемесі шетелдіктің Қазақстан Республикасында болу мақсаттарымен сәйкес келуге тиіс.

19. Визалардың қолданыс мерзімі

45. Осы Ережелердің 45-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделгеннен басқа жағдайларда, барлық санаттағы бір, екі, үш мәртелік визалар 90 тәулікке дейінгі мерзімге беріледі.

46. Осы Ережелердің 2-қосымшасында көрсетілген мемлекеттердің азаматтарына бір мәртелік дипломаттық (ДВ), қызметтік (ҚВ), іскерлік (ІСВ), жеке (ЖСВ) туристік (ТСВ) визалар 30 тәулікке дейінгі мерзімге беріледі.

47. Шетелдіктің «жеке» санатындағы визасы бойынша ҚР аумағында болуының жалпы мерзімі бір жылда 90 тәуліктен аспауы керек.

48. Осы Ережелердің 2-қосымшасында көрсетілген мемлекеттердің азаматтарына екі мәртелік туристік визалар (ТСВ) 60 тәулік мерзімге дейін беріледі.

49. Туристік санатындағы (ТСВ) бір, екі, үш мәртелік визалар ҚР аумағында бір жыл ішінде әр келген сайын 30 тәуліктен аспайтын мерзімге келу құқығымен 90 тәулікке дейінгі мерзімге беріледі.

50. «Тұрақты тұруға арналған» (ТТВ) бір және екі мәртелік визалар 90 тәулікке дейінгі мерзімге беріледі.

51. Бір, екі және үш мәртелік «транзиттік» (ТВ) санатындағы визалар әр жолы 5 тәулік ішінде бір бағытта транзитпен өту жағдайында 90 тәулікке дейінгі мерзімге Қазақстан Республикасында болу құқығымен беріледі.

52. «Дипломаттық» (ДВ), «қызметтік» (ҚВ), «инвесторлық» (ИНВ), «іскерлік» (ІСВ) санатындағы көп мәртелік визалар 3 жылға дейінгі мерзімге беріледі. Халықаралық өзаралық қағидасы ескеріліп, аталған санаттағы визаларды ұзағырақ мерзімге беруге де болады.

Қазақстан Республикасына іссапармен келетін және болуы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға квота белгілеу ережесі, жұмыс берушілерге рұқсат берудің шарттары мен тәртібі» бойынша реттелетін тұлғаларды қоспағанда, шетелдіктің «іскерлік» санатындағы көп мәртелік визасы бойынша Қазақстан Республикасы аумағында болуының

жалпы мерзімі бір жылда 120 тәуліктен аспауы қажет.

53. «Миссионерлік» (МИВ) санатындағы көп мәртелік визалар 180 тәулік дейінгі мерзімге беріледі.

54. «Оқуға арналған» (ОУВ) санатындағы көп мәртелік визалар 1 жылға дейінгі мерзімге беріледі.

55. «Жұмысқа арналған» (ЖЕВ) санатындағы көп мәртелік визалар шетелдік жұмыс күшін тарту рұқсатында көрсетілген, бірақ 3 жылдан аспайтын мерзімге беріледі.

56. Шығу (ШЖВ) визалары:

1) Осы Ережелердің 38-тармағының 1) тармақшасындағы көрсетілген шетелдіктерге – 90 тәулікке дейінгі мерзімге беріледі;

2) Осы Ережелердің 38-тармағының 2) тармақшасындағы көрсетілген шетелдіктерге – 30 тәулікке дейінгі, бірақ тұрақты тұратын мемлекетке қайтару туралы куәлігінде көрсетілген мерзімнен аспайтын мерзімге;

3) Осы Ережелердің 38-тармағының 3) тармақшасындағы көрсетілген шетелдіктерге – шығу үшін 30 тәулікке дейінгі мерзімге немесе Қазақстан Республикасынан шетелдікті шығарып жіберу туралы соттың қаулысында көрсетілген мерзімге беріледі.

20. Топтық визалар

57. Топтық визалар шетел азаматтары топтарының Қазақстан Республикасына ұйымдасып кірулері, Қазақстан Республикасынан шығулары немесе Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиті кезінде, мақсатқа сай және орынды немесе жеке визаларды ресімдеу үшін қиындықтар болғанда ресімделеді.

58. Мұндай визаларды беру үшін барлық топ мүшелерінің Қазақстан Республикасына кіруі және Қазақстан Республикасынан шығуы кезінде шекарадағы бақылау-өткізу пунктіне (бұдан әрі - БӨП) бір уақытта келуі және өтуі, Қазақстан Республикасы аумағы бойынша жүріп-тұруы мен қандай да бір пункте топ құрамында болуы міндетті шарттар болып табылады.

59. Топтық визаларды ҚР СІМ, ҚР-ның шетелдегі мекемелері, егер халықаралық шарттар мен келісімдерде өзге тәртіп көзделмесе, құзырлы органдармен келісілген ҚР СІМ-нің визалық қолдауы бойынша береді.

60. Топтық визалар әліпбилік осы Ережелердің 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша атаулы тізімдерде ресімделеді.

Виза бөлек жеке қағаз парағына жабыстырылады және осы Ережелердің 21-бөліміне сәйкес толтырылады. «Паспорттың №/passport №» бағанында «топтық» деп жазылады, «қосымша мәліметтер/additional information» бағанында тізім

бойынша кіретін (шығатын) тұлғалардың саны көрсетіледі (мысалы: «25 адамға тізім қоса беріліп отыр»).

Визасы бар парақтың төменгі бөлігіне мынадай жазу жазылады: «Қоса беріліп отырған тізімде көрсетілген әрбір адам (_____ тегінен басталатын және _____ тегімен аяқталатын) БӨП-де паспортын немесе жеке басын куәландыратын, фотосуреті бар, ҚР мемлекеттік шекарасынан өтуге рұқсат беретін басқа құжатын көрсеткен кезде ғана осы виза жарамды».

Визасы бар парақ тізіммен бірге жоғары сол бұрышын майыстыру жолымен тігіледі, ол визаны берген ҚР СІМ-нің, ҚР-ның шетелдегі мекемелерінің, Қазақстан Республикасы ішкі істер органының елтаңбалы мөрмен бекітіледі.

Визаны берген консулдық лауазымды адам (ҚР ІІМ-нің лауазымды адамы) тізімнің төменгі жағына (лауазымын және тегін көрсетіп) қол қояды, қойылған қол ҚР СІМ, ҚР-ның шетелдегі мекемесінің немесе ҚР ІІМ-нің мөрмен куәландырылады.

Жабыстырылған визасы бар тізім бір данада жасалынады, түпнұсқа топ жетекшісіне беріледі, бір көшірмесі- Қазақстан Республикасына кіру (шығу) кезінде БӨП-ке тапсырылады, екіншісі -визаны берген Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемесінде, ҚР СІМ және ҚР ІІМ-де қалады.

Тізімге түзетулер мен толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

21. Визаларды ресімдеу

61. Барлық санаттағы визалар жалған көшірмелерден қорғайтын өзіндік ерекшелері бар арнайы қағаз-жеткізгіште жасалған өздігінен желімделетін жапсырма түрінде болады. Визалық жапсырма визаның өзінен (түпнұсқа) және оның сондай нөмірі бар түбіртегінен тұрады. Толтырылған ҚР визасы шетелдіктердің паспорттарына немесе Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өтуге рұқсат беретін басқа да құжаттарына, ал түбіртегі – визалық сауалнаманың екінші бетіне жапсырылады.

62. ҚР визасында келесі мәліметтер болуға тиіс:

- 1) визаны берген мекеменің коды;
- 2) визаның мәртелігі;
- 3) визаның санаты;
- 4) визаның берілген күні;
- 5) шетелдіктің тегі, аты және әкесінің аты;
- б) шетелдіктің паспорты немесе Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өтуге құқық беретін басқа да құжатының нөмірі;
- 7) виза қолданысының басталу күні;
- 8) виза қолданысының аяқталу күні;

- 9) шақырған жеке тұлғаның аты-жөні немесе заңды тұлғаның аталуы;
10) қосымша ақпарат;
- 11) консулдық алымдарды немесе мемлекеттік баждарды төлеу туралы мәлімет;
- 12) бірге жүретін адамдар туралы мәліметтер;
- 13) визаны берген тұлғаның тегі;
63. Визалардағы өзгертулерге жол берілмейді. Түзетілген визалар жарамсыз болып есептеледі.
64. Қазақстан Республикасы аумағында «оқуға» (ОУВ), «емделуге» (ЕАВ), «тұрақты тұруға арналған» (ТТВ) визаларға өзгертулерден басқа, визаның санатын біреуінен екіншісіне өзгертуге жол берілмейді.

22. Визаларды алу кезінде ұсынылатын құжаттарға қойылатын талаптар

65. ҚР визалары шетелдіктерге паспорттарды немесе Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өтуге рұқсат беретін басқа да Қазақстан Республикасы таныған мемлекет немесе халықаралық ұйымдар берген құжаттарды көрсеткен кезде, егер оның түпнұсқалығына және иесінікі екендігіне күмән келтірмейтін болса беріледі.

66. ҚР визаларын ресімдеу үшін шетелдіктер ҚР СІМ-ге, ҚР-ның шетелдердегі мекемелеріне осы Ережелердің 4-қосымшасында көрсетілген қажетті құжаттарды, ҚР ПМ-ге – осы Ережелердің 5-қосымшасындағы құжаттарды тапсырады.

67. Визаның мерзімі шетелдіктің паспортының қолданыс мерзімі аяқталуынан 6 айдан кем емес мерзімге дейін аяқталуы қажет.

68. Паспортта немесе Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өтуге рұқсат беретін басқа құжаттарында ескертілмеген тазартулар мен түзетулер, мөр басылмаған фотосуреттер және парақтары сөгілгендігі табылған жағдайда, осындай құжаттардың иелеріне ҚР визалары берілмейді. ҚР-ның шетелдегі мекемелері, ҚР ПМ құжаттардың жарамсыздығы немесе жалғандығы себебі бойынша виза беруден бас тартқан жағдайда, міндетті түрде ҚР СІМ-ді хабардар етулері қажет.

23. Визаларды беру тәртібі

69. ҚР-дың шетелдердегі мекемелері осы Ережелерде қарастырылған негіздер болған жағдайда, шығу (ШЖВ) санатындағы визалардан басқа барлық санаттағы бастапқы визаларды береді.

70. Дипломаттық (ДВ) және қызметтік (ҚВ) санаттарындағы бір мәртелік ҚР визаларын осы Ережелердің 2-қосымшасында көрсетілген елдердің азаматтарына

шақыру қағазынсыз және ҚР СІМ-нің визалық қолдауынсыз осы Ережелермен қарастырылған талаптарды сақтай отырып, заңды тұлғалардың жазбаша өтініштері бойынша беруге болады.

71. Искерлік (ICB) және жеке (ЖСВ) санаттарындағы бір мәртелік визаларын ҚР осы Ережелердің 2-қосымшасында көрсетілген елдердің азаматтарына шақыру қағазынсыз және ҚР СІМ-нің визалық қолдауынсыз осы Ережелермен қарастырылған талаптарды сақтай отырып, жеке және заңды тұлғалардың жазбаша өтініштері бойынша беруге болады.

72. «Туристік» санатындағы бір және екі мәртелік ҚР визалары осы Ережелерге 2-қосымшада көрсетілген елдердің азаматтарына шақыру қағазынсыз және ҚР СІМ-нің визалық қолдауынсыз осы Ережелермен қарастырылған талаптарды сақтай отырып, жеке және заңды тұлғалардың жазбаша өтініштері бойынша беріледі.

73. Қазақстан Республикасы аумағында:

1) ҚР СІМ – ҚР-ның шығу (ШЖВ) визаларынан басқа, барлық санаттағы бастапқы визаларын;

2) ҚР ІІМ – емделуге (ЕАВ) – осы Ережелердің 32-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген тұлғаларға, тұрақты тұруға (ТТВ) – осы Ережелердің 36-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген тұлғаларға ҚР-ның визаларын, сондай-ақ шығу (ШЖВ) визаларын береді.

74. ҚР СІМ нұсқауында белгіленген визаны алу орны өзгерген жағдайда, ҚР СІМ бұл жөнінде хабарланып, ҚР-нің шетелдердегі мекемелерінде виза өтініш жасаған орны бойынша беріледі.

75. Шетелдіктердің Қазақстан Республикасының аумағына кіруіне кедергі жасайтын негіздер болған жағдайда, соның ішінде визалық қолдауы бар болса, ҚР визалары берілмейді, сондай-ақ ресімделген ҚР визасы Қазақстан Республикасына кіруге негіз болып табылмайды.

76. ҚР ҰҚК-нің бөлімшелері визаларды ресімдеуді келісуді 3 тәулік ішінде қамтамасыз етуге тиісті. ҚР ҰҚК-мен келісусіз визалар берілмейді.

77. ҚР визасын ресімдеуге қабылданған өтінішті зерделеу барысында:

1) бұрын Қазақстан Республикасының көші-қон заңнамасын сақтауды қамтамасыз етпеген заңды және жеке тұлғалардың тізімі бойынша шақырушы тарапты тексеру;

2) визалық сауалнамадағы сұрақтарға берілген жауаптардың мазмұнын паспорттың деректерімен және өтініш білдірушімен әңгіме барысында немесе басқа да деректеме көздерінен алынған мәліметтермен салыстыру;

3) Қазақстан Республикасында болғаннан кейін паспортты немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасынан өтуге рұқсат беретін басқа құжаттары шетелдікке тұрақты тұратын еліне қайтып оралуына немесе басқа

елге кетуіне құқық беретіндігін анықтау қажет.

78. Қолдаухатты зерделеу нәтижесінде осы Ережелердің 26-бөлімінде көрсетілген виза беруге құқығы бар лауазымды тұлғалар осы Ережелерді басшылыққа алып, виза беру немесе виза беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

79. ҚР-ның шет елдердегі мекемелері Қазақстан Республикасы аумағына кірулері шектелген шетелдіктерге виза беруден бас тартады және өз уақытында осындай тұлғалардың виза үшін өтініш білдірген дерегі туралы ақпараттық жүйе арқылы ҚР СІМ-ді хабардар етеді.

80. Визалардың ресімдеу мерзімі 5 жұмыс күнінен аспау керек.

81. Визаларды беру, егер Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарда өзге ережелер белгіленбесе, мемлекеттік баж және консулдық алымдар сомалары төленгеннен кейін ғана жүзеге асырылады.

82. ҚР СІМ-нің визалық қолдауы бойынша берілген, бірақ пайдаланылмаған визаның орнына қайталама виза беруге ҚР СІМ-нің қосымша келісімі қажет. ҚР-ның шет елдердегі мекемелерінің сұратуында визаны пайдаланбау себебі көрсетілуі тиіс.

24. Визаны беруден бас тарту негіздері

83. Ш е т е л д і к к е :

1) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті немесе тұрғындардың денсаулығын қорғау мүдделері үшін;

2) егер оның іс-әрекеттері конституциялық құрылымды күшпен өзгертуге бағытталса;

3) егер ол Қазақстан Республикасының егемендігіне қарсы шықса, оның аумағының бірлігі мен тұтастығын бұзуға шақырса;

4) егер ол мемлекетаралық, ұлтаралық және діни араздықты тұтандырса;

5) егер бұл Қазақстан Республикасы азаматтарының және басқа да тұлғалардың құқықтарын және заңды мүдделерін қорғау үшін қажет болса;

6) егер ол террористік әрекет үшін айыпталса немесе сот оны аса қауіпті қылмыскер деп таныса;

7) егер оралмандардан, Қазақстан Республикасы немесе Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасында туған немесе азаматтығында болған тұлғалардан және олардың отбасы мүшелерінен басқа тұлғалар Қазақстан Республикасында болуға және кетуге қажетті мүмкіндіктің бар екендігін Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен тәртіппен растамаса;

8) егер оның мұның алдында Қазақстан Республикасында болған уақытында Қазақстан Республикасының шет елдіктердің құқықтық жағдайы туралы

заңдарын, кедендік, валюталық немесе өзге де заңдарын бұзғаны туралы деректері анықталса ;

9) егер ол кіру туралы өтініш білдірген кезінде өзі туралы жалған мәліметтерді хабарласа немесе қажетті құжаттарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде бермесе, виза беруден бас тартылуы мүмкін.

84. Шетелдіктерге виза беруден бас тарту себептері түсіндірілмейді.

85. Бұрын Қазақстан Республикасынан шығарылған шетелдіктерге елден шығару туралы шешім қабылданған уақыттан бастап 5 жыл ішінде Қазақстан Республикасына келуге тыйым салынады.

86. Шетелдіктерге Қазақстан Республикасынан шығу визасы:

1) егер оны қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін негіздемелер бар болса – істің аяқталу мерзіміне дейін;

2) егер ол жасаған қылмысы үшін сотталса – жазасын өтеуге дейін немесе жазадан босатылғанға дейін;

3) егер ол сот оған жүктеген міндеттемелерді орындаудан жалтарса – міндеттемелердің орындалуына дейін.

87. Шетелдіктің Қазақстан Республикасынан шығуы ҚР азаматтарының, жеке және заңды тұлғалардың мүдделеріне қатысты мүліктік міндеттемелерін орындағанша кейінге қалдырылуы мүмкін.

25. Визаны ұзарту тәртібі

88. Шетелдіктердің визаларының қолданыс мерзімдері Қазақстан Республикасының заңды және жеке тұлғаларының, Қазақстан Республикасында тіркелген шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерінің, консулдық мекемелерінің, халықаралық ұйымдардың жазбаша өтініштерінің немесе осы Ережелердің 2-қосымшасында көрсетілген елдер азаматтарының жеке өздері берген жазбаша өтініштерінің негізінде, 5 жұмыс күні ішінде ұзартылады.

89. Визалардың қолданыс мерзімін ұзарту «қосымша мәліметтер /additional information» бағанында қолданыс мерзімі өтіп кеткен визаның нөмірін (мысалы: «943 ISB 0275386 визаны ұзарту») көрсету арқылы сол санаттағы жаңа виза беру жолымен жасалады.

90. Визалардың қолданыс мерзімдерін ұзарту шетелдіктердің Қазақстан Республикасында болу мерзімін ұзарту қажеттілігін растайтын құжаттар бар болған жағдайда немесе ерекше, ауру, кездейсоқ немесе төтенше жағдайларға байланысты ғана рұқсат етіледі.

91. ҚР СІМ келесі санаттардағы визаларды:

1) Дипломаттық (ДВ) және қызметтік (ҚВ) санаттардағы визаларды ҚР аумағына Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының, ҚР-да

тіркелген шетелдік дипломаттық өкілдіктердің, консулдық мекемелердің және халықаралық ұйымдардың шақыруымен келген шетелдіктерге аталған ұйымдардың хаттары-өтініштерінің немесе вербальдық ноталары негізінде;

2) инвесторлық (ИНВ) санаттағы визаларды - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Инвестиция жөніндегі комитетінің хаты негізінде ;

3) іскерлік (ICB) санаттағы визаларды - Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, Қазақстан Республикасында тіркелген дипломаттық өкілдіктердің , консулдық мекемелердің, халықаралық ұйымдардың шақыруымен Қазақстан Республикасының аумағына келген шетелдіктерге хаттары-өтініштерінің немесе вербальдық ноталарының негізінде ұзартып береді.

92. ҚР ІІМ келесі санаттағы визаларды ұзартады:

1) оқуға арналған (ОУВ) санаттағы визаны - Қазақстан Республикасында тіркелген оқу орнының немесе Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің жазбаша өтініші негізінде ұзартады. Визаның мерзімінің ұзартылуы 1 жылға дейінгі мерзімге немесе оқу тәжірибесі немесе тағылымдама өту үшін қажетті мерзімге, бірақ та бір жылдан аспайтын мерзімге жүзеге асырылады ;

2) емделуге арналған (ЕАВ) санаттағы визаны - Қазақстан Республикасында тіркелген медициналық мекеменің жазбаша өтініштері негізінде ұзартады. Визаның мерзімін ұзартылуы емделуге қажетті, бірақ 1 жылдан аспайтын мерзімге жүзеге асырылады ;

3) жұмысқа арналған (ЖЕВ) санаттағы визаны - бастапқы визаны ресімдеу үшін құжат тапсырған заңды тұлғаның жазбаша өтініші және шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсаты негізінде ұзартады. Визаның мерзімінің ұзартылуы шетелдік жұмыс күшін тарту рұқсатында көрсетілген мерзімге жүзеге асырылады .

4) тұрақты тұруға арналған (ТТВ) визаны – шетелдіктің жеке жазбаша өтініші негізінде ұзартады. Визаның мерзімінің ұзартылуы 60 тәулікке дейінгі мерзімге жүзеге асырылады .

93. Іскерлік (ICB) (91-тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген жағдайдан басқа), жеке (ЖСВ), туристік (ТСВ), миссионерлік (МИВ), транзиттік (ТВ) санаттардағы визалардың мерзімі ұзартылмайды.

94. Емделуге арналған (ЕАВ), тұрақты тұруға арналған санаттардағы визалардың мерзімі бір мәрте ғана ұзартылады.

95. Оқуға арналған (ОУВ), емделуге арналған (ЕАВ), жұмысқа арналған (ЖЕВ) санаттардағы визалардың мерзімін ұзарту ҚР ҰҚК-мен келісіледі.

96. Визаның мерзімін ұзарту үшін бұрын бастапқы визаны алу үшін шақыруды ресімдеген заңды және жеке тұлғалар, Қазақстан Республикасында

тіркелген шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктері, консулдық мекемелері, халықаралық ұйымдар ғана өтініш бере алады. Өзге заңды және жеке тұлғалардың өтініштері қаралмайды.

26. Қол қою құқығы

97. Қазақстан Республикасының визаларына:

1) ҚР СІМ-нің және ҚР-ның шетелдердегі мекемелерінің уәкілетті қызметкерлері;

2) ҚР ІІМ-нің Әкімшілік полициясы комитеті Көші-қон полициясы басқармасының, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының ПД-ШББ Көші-қон полициясы басқармаларының (бөлімдердің) бастықтары немесе олардың орынбасарлары қол қояды.

98. ҚР-ның шетелдердегі өкілдіктері және ҚР ІІМ Әкімшілік полициясы комитетінің Көші-қон полициясы басқармасы ҚР СІМ-н, ҚР ІІМ-н және ҚР ҰҚК-нің Шекара қызметін визаларға қол қоюға құқығы бар құзыретті тұлғалар туралы (атын, тегін, әкесінің атын және лауазымын көрсетіп) хабардар етеді және олардың қол қою үлгісін 3 данадан жібереді.

27. Берілген визаларды тіркеу

99. ҚР-ның берілетін визаларын тіркеуі ақпараттық жүйеде немесе Осы Ережелердің 5-қосымшаға сәйкес визалардың әр санатына арналған тіркеу журналында жүргізіледі. Журналдар нөмірленіп және жіппен тігілген болуы тиіс, сонымен қатар ҚР СІМ-нің, ҚР-ның шетелдердегі мекемелерінің, ҚР ІІМ-нің уәкілетті тұлғаларының қолыменен және мөріменен куәландырылған болуы қажет.

ҚР СІМ, ҚР ІІМ және ҚР ҰҚК ақпараттық жүйеде ресімделген, берілген және келісілген визалар бойынша бірыңғай статистикалық деректер қалыптастырады.

100. Визалық жапсырмалар бланкілері қатаң есептік бақылаудағы құжаттар болып табылады. Бұл бланкілер ҚР СІМ-нің тапсырысы бойынша дайындалады. Визалық жапсырмалар бланкілерінің қозғалысы мен шығыстарын бақылауды ҚР СІМ жүзеге асырады.

101. ҚР-ның шетелдердегі мекемелері осы Ережелердің 6-қосымшаға сәйкес әр айдың 5-ші күні ҚР СІМ-ге берілген визалар, консулдық алымдарды төлеу шотына түскен қаражаты туралы белгілі бір үлгідегі статистикалық есеп тапсырады.

Астана және Алматы қалаларының және облыстардың Ішкі істер департаменттерінің Көші-қон полициясы басқармалары – ҚР ІІМ-не осы Ережелердің 7-қосымшаға сәйкес берілген визалар, мемлекеттік баж және төлеу

шотына түскен қаражат және визалық жапсырмалардың шығысы туралы белгіленген үлгідегі статистикалық есеп береді.

ҚР ИМ ҚР СІМ-ге берілген визалар, визалық қолданыс мерзімін ұзарту, мемлекеттік баж төлеу шотына түскен қаражат, сондай-ақ визалық жапсырмалар шығысы туралы белгіленген үлгідегі статистикалық есепті осы Ережелердің 8-қосымшаға сәйкес әр тоқсан сайын жолдайды.

102. Әртүрлі себептер бойынша (мерзімдердің, санаттардың т.б. өзгеруі) паспорттағы немесе Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өтуге рұқсат беретін басқа құжаттардағы визалардың бүлінуі/жойылуы жағдайларында, құжаттан фотосурет және паспорттық деректері бар беттерінің, сондай-ақ бүлінген/жойылған виза бар беттің көшірмесі алынады.

103. Әрбір бүлінген және жойылған визалық жапсырмаларға осы Тәртіптің 9-қосымшасына сәйкес тиісті акт жасалынады.

28. Қорытынды ережелер

104. Шетел азаматтары Қазақстан Республикасына визасыз келген, бірақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының, заңды және жеке тұлғаларының белгіленген тәртіп бойынша ресімделген шақыруы болса, ҚР СІМ басшылығының шешімі бойынша 10 тәулікке дейінгі мерзімге виза (жұмысқа арналған (ЖЕВ) визасынан басқа) берілуі мүмкін. Оны шақырушы тараптың қолдау хаты бойынша санатына қарай ҚР СІМ немесе ҚР ИМ ұзартады.

105. Егер Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шарттарда өзге тәртіп белгіленбеген болса, виза ресімдегені, соның ішінде оның қолданыс мерзімін ұзарту және қалпына келтіру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес консулдық алым және мемлекеттік баж а л ы н а д ы .

ҚР СІМ, ҚР-ның шетелдердегі мекемелері немесе ҚР ИМ берген визадан қате табылса, сол санаты мен мәртелігі сақталып, қайталама виза консулдық алым немесе мемлекеттік баж салығы алынбай беріледі.

106. Егер Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарда осы Ережелердегі тәртіптен өзгеше ережелер белгіленген болса, халықаралық шарттың ережесі қолданылады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
в и з а л а р ы н б е р у Е р е ж е л е р і н е

1–қосымша

Нысан

Жазбаша өтініш

Ш ы ғ ы с

№

— — —

уақыты: ___ ж. " ___ " _____

Қазақстан

Республикасы

Сыртқы

істер

министрлігінің

Консулдық қызмет департаменті

_____ төмендегі шетел азаматын шақырып, (заңды
т ұ л ғ а н ы ң а т а у ы)
қ а б ы л д а й т ы н ы н р а с т а й д ы :
1 . А т ы - ж ө н і :
2 . Ж ы н ы с ы :
3 . Т у ғ а н к ү н і м е н ж е р і :
4 . А з а м а т т ы ғ ы (п о д д а н с т в о) :
5 . Ұ л т ы :
6 . П а с п о р т т ы ң с е р и я с ы , № :
п а с п о р т б е р і л г е н к ү н і :
п а с п о р т т ы ң қ о л д а н ы с м е р з і м і :
7 . Ж ұ м ы с о р ы н м е н л а у а з ы м ы :
8 . Т ұ р а т ы н м е к е н - ж а й ы :
9 . В и з а н ы а л у о р ы н :
10 . Б о л у м е р з і м і :
11 . В и з а н ы ң м ә р т е л і г і :
12 . С а п а р д ы ң м а қ с а т ы :
13 . К е л і п - к е т у к ө л і г і н і ң т ү р і
(тіркеу нөмірі, автокөліктің түрі
р е й с т і ң н ө м і р і)
14 . Қ Р - д а ғ ы ж ү р і п - т ұ р у б а ғ ы т ы

және болатын орындары:

Жетекші (қолы мен мөрі) аты, жөні, тегі Орынд. (шетел азаматын
қабылдауға жауапты тұлға): _____ тел: _____ ұялы тел: _____
_____ эл. пошта _____

Е с к е р т п е :

- 1) шақыру- хат мекен-жайы, телефоны және факсы көрсетілген шақыратын ұйымның титул (фирмалық бланкінде) парағында ресімделеді;
- 2) 1 - жолда тегі мен атының орысша транскрипциясы болуы міндетті;
- 3) 6 - жолда визаның қолданыс мерзімі паспорттың қолданыс мерзімінің аяқталуы мерзіміне 6 ай қалғанға дейін бітуі тиіс;
- 4) 11 - жолда визаның (бір, екі, үш, көп) мәртелігі жоғарыда көрсетілген болу мерзімі кезеңінде Қазақстан Республикасына келу мәртелігін білдіреді;
- 5) 12 - жолда «сапардың мақсаты» ҚР-да болу мерзімі мен сұратылып

отырған визаның мәртелігі негізделіп, толығымен толтырылады.

Жұмыс істеуге шақырған жағдайда Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсатының нотариалды куәландырылған көшірмесі қоса ұсынылады.

Қазақстан Республикасының
визаларын беру Ережелеріне
2-қосымша

Ескерту. 2-қосымшаға толықтыру енгізілді - ҚР Сыртқы істер министрінің 2012.01.30 № 08-1-1-1/24 және ҚР Ішкі істер министрінің 2012.01.25 № 45 (ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының бір мәртелік дипломатиялық, қызметтік, іскерлік, жеке, бір және екі мәртелік туристік визаларын ресімдеу кезінде азаматтары шақыру қағазын және ҚР СІМ нұсқауын міндетті түрде көрсетуден босатылатын мемлекеттер тізімі

1. Австрия Республикасы
2. Австралия
3. Америка Құрама Штаттары
4. Бельгия Корольдігі
5. Болгар Республикасы
6. Біріккен Араб Әмірліктері
7. Бразилия Федеративтік Республикасы
8. Венгрия Республикасы
9. Грек Республикасы
10. Германия Федеративтік Республикасы
11. Дания Корольдігі
12. Жапония
13. Жаңа Зеландия
14. Ирландия Республикасы
15. Исландия Республикасы
16. Испания Корольдігі
17. Италия Республикасы
18. Израиль Мемлекеті
19. Катар Мемлекеті
20. Кипр Республикасы
21. Канада
22. Корея Республикасы
23. Лихтенштейн Князьдігі

Қазақстан

Республикасының

визаларын беру

Ережелеріне

4-қосымша

Қазақстан Республикасының визаларын ресімдеу үшін қажетті құжаттар тізімі

1. Болу елінің сыртқы саясат ведомствосының, дипломатиялық өкілдігінің нотасы/визаны алу үшін өтінім/ визалық қолдау (шақыру).

2. Жарамды ұлттық паспорт, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өтуге құқық беретін басқа да құжаттары немесе азаматтығы жоқ тұлғаның құжаты.

3. ҚР визасын ресімдеуге арналған сауалнама (1 дана).

4. Түрлі-түсті фотосурет 3,5 х 4,5 (1 дана).

5. Консулдық алым төленгені туралы түбіртек.

6. Қазақ ұлтына қатыстылығын, жақынының/туысының сырқаттығын/өлімін т.б. растайтын құжаттардың көшірмелері.

Қазақстан

Республикасының

визаларын

беру

Ережелеріне

5-қосымша

Шетелдіктерге Қазақстан Республикасының визасын ресімдеу үшін ішкі істер органдарына көрсетілетін құжаттардың тізімі

1. Виза беру туралы жеке немесе заңды тұлғаның жазбаша өтініші.

2. Осы Ережелердің 67 және 68-тармақтарының талаптарына сәйкес келетін жарамды ұлттық паспорт немесе Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасынан өтуге рұқсат беретін басқа да құжат.

3. Консулдық алымның төленгені туралы түбіртек.

4. Осы Ережелердің 32, 36 және 38 тармақтарында көрсетілген құжаттардың бірі.

Қазақстан

Республикасының

визаларын

беру

Ережелеріне

6-қосымша

Түр

Қазақстан Республикасының дипломатиялық(ДВ), қызметтік(ҚВ), іскерлік (ІСВ) визаларын беруді тіркеу журналы

№ р/с	Құжаттарды қабылдаған күні	Визаның №	Азаматтығы	Аты, тегі, әкесінің аты	Туған күні, айы, жылы)	(Паспорттың нөмірі, сериясы	Визаны беру негіздемелері
1	2	3	4	5	6	7	8

кестенің жалғасы

Шақырушы тұлға	Визаның санаты	Мәр телігі	Визаның қолдану мерзімі	Конс. алым/ мемлекеттік баж	Түбіртектің №	Визаны берген күні	Визаны алған тұлғаның қолы	ескертпе
9	10	11	12	13	14	15	16	17

Қазақстан Республикасының инвесторлық (ИНВ), жеке (ЖСВ), туристік (ТСВ), оқуға арналған (ОУВ), жұмысқа арналған (ЖЕВ), емделуге арналған (ЕАВ), тұрақты тұруға арналған (ТТВ) визаларын беруді тіркеу журналы

№ р/с	Құжаттарды қабылдаған күні	Визаның №	Азаматтығы	Аты, тегі, әкесінің аты	Туған күні, айы, жылы)	(Паспорттың нөмірі, сериясы	Визаны беру негіздемелері
1	2	3	4	5	6	7	8

кестенің жалғасы

Шақырушы тұлға	Визаның санаты	Мәр телігі	Визаның қолдану мерзімі	Конс. алым/ мемлекеттік баж	Түбіртектің №	Визаны берген күні	Визаны алған тұлғаның қолы	ескертпе
9	10	11	12	13	14	15	16	17

Қазақстан Республикасының транзиттік (ТВ) санаттағы визаларын беруді тіркеу журналы

№ р/с	Құжаттарды қабылдаған күні	Визаның №	Азаматтығы	Аты, тегі, әкесінің аты	Туған күні (айы, жылы)	Паспорттың нөмірі, сериясы

1	2	3	4	5	6	7

кестенің жалғасы

Визаны беру негіздері (баратын мемлекеттің визасы, билеті)	Визаның қолдану мерзімі	Конс. алым/ мемлекеттік баж	Түбіртектің №	Визаны берген күні	Визаны алған тұлғаның қолы	ескертпе
8	9	10	11	12	13	14

Қазақстан Республикасының визаларын беру Ережелеріне 7-қосымша

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ _____ 20__ ЖЫЛДЫҢ _____ АЙЫНДА БЕРІЛГЕН ВИЗАЛАРЫ, КОНСУЛДЫҚ АЛЫМДАРДЫ ТӨЛЕУ ШОТЫНА ТҮСКЕН ҚАРАЖАТ ТУРАЛЫ СТАТИСТИКАЛЫҚ ЕСЕБІ

№ п/п	Берілген визалардың санаттары	Визаны жыл басынан бастап ресімдеу					Визаны есепті кезеңде ресімдеу				
		Барлығы	1-мәрте	2-мәрте	3-мәрте	Көп	Барлығы	1-мәрте	2-мәрте	3 - мәрте	Көп
I	II	III	IV	V	VI	VII	VIII	IX	X	XI	XII
1.	Дипломаттық	0					0				0
2.	Қызметтік	0					0				0
3.	Инвесторлық	0					0				0
4.	Іскерлік	0					0				0

1	2	3	6	7	8	10	11	12	13	14	20
1.	ОУВ Оқуға	-									
2.	ЕАВ	-									
	емделуге										
3.	ТТВ	-									
	Тұрақты тұруға										
4.	ЖЕВ	-									
	Жұмысқа										
5.	ШЖВ	-									
	Шығу										
Барлығы:											

Берілген күні: « » _____ 200 __ ж. Жауапты орындаушы _____
Мәліметтер есепті кезеңнің аяғына ұлғаймалы қорытынды бойынша көрсетіледі
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
в и з а л а р ы н б е р у Е р е ж е л е р і н е
9-қосымша

**ҚР ІІМ-НІҢ 200_ЖЫЛДЫҢ _____ ТОҚСАНЫНДА БЕРІЛГЕН
ВИЗАЛАРЫ, ВИЗАЛАРДЫҢ ҚОЛДАНЫС МЕРЗІМІН ҰЗARTУ,
МЕМЛЕКЕТТІК БАЖ ТӨЛЕУ ШОТЫНА ТҮСКЕН ҚАРАЖАТ,
ВИЗАЛЫҚ ЖАПСЫРМАЛАР ШЫҒЫСЫ ТУРАЛЫ СТАТИСТИКАЛЫҚ
ЕСЕБІ**

№ п/п	Берілген визалардың санаттары	Визаларды есепті кезеңде ресімдеу					Есепті кезеңде төленген мемлекеттік баж сомасы				
		Барлығы	1-мәрте	2-мәрте	3-мәрте	Көп	Барлығы	1-мәрте	2-мәрте	3 - мәрте	Көп
I	II	III	IV	V	VI	VII	VIII	IX	X	XI	XII
1.	Оқуға	0					0				0
2.	Жұмысқа	0					0				0
3.	Емделуге	0					0				0
4.	Тұрақты тұруға	0					0				0
5.	Шығу	0					0				0
Барлығы		0	0	0	0	0	0	0	0	0	0

кестенің жалғасы

Есепті кезеңде визаларды ұзарту					Есепті кезеңде (ұзарту үшін) төленген мемлекеттік баж сомасы				
Барлығы	1-мәрте	2-мәрте	3-мәрте	Көп	Барлығы	1-мәрте	2-мәрте	3-мәрте	Көп
XIII	XIV	XV	XVI	XVII	XVIII	XIX	XX	XXI	XXII
0					0				

0					0				
0					0				
0					0				
0					0				
0	0	0	0		0	0	0	0	0

Есепті кезеңде _____ визалық жапсырмалардың күші жойылды

Жауапты орындаушы _____

Берілген күні: «__» _____ 200__ ж.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

в и з а л а р ы н

б е р у

Ережелеріне 10-қосымша

Үлгі

ҚР-дің бүлінген/жойылған ҚР визаларын есептен шығару акті

« Б е к і т е м і н »

(ш е т е л д е г і м е к е м е н і ң б а с ш ы с ы)

тегі, аты, әкесінің аты

«__» _____ 20__ ж.

Қатаң есептегі бүлінген бланкілерді жою туралы акт

Біз, төменде қол қоюшылар

1. _____,
(л а у а з ы м ы) а т ы , т е г і

2. _____,
(л а у а з ы м ы) а т ы , т е г і

3. _____
(лауазымы) аты, тегі

№ _____ визалық жапсырмаларды жойдық деп, осы актіні жасадық.

Қосымша: есептен шығарылған визалық жапсырмалардың көшірмесі 2 парақта.

қолы тегі, аты, әкесінің аты

қолы тегі, аты, әкесінің аты

қолы тегі, аты, әкесінің аты

Орын.: Аты, тегі

С ы р т қ ы	і с т е р	Қ а з а қ с т а н	Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
м і н д е т і н	а т қ а р у ш ы н ы ң	м и н и с т р і	
2 0 0 9	ж ы л ғ ы	1 4	ж е л т о қ с а н д а ғ ы
№ 0 8 - 1 - 1 - 1 / 4 5 7	ж ә н е		
Қ а з а қ с т а н		Р е с п у б л и к а с ы н ы ң	
І ш к і	і с т е р	м и н и с т р і н і ң	
2 0 0 9	ж ы л ғ ы	2 2	ж е л т о қ с а н д а ғ ы
№ 4 8 8	б і р л е с к е н	б ұ й р ы ғ ы н а	

қосымша

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысы – Сыртқы істер министрінің, Сыртқы істер министрінің, Сыртқы істер министрінің міндетін атқарушының және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің өз күштерін жойған кейбір бірлескен бұйрықтарының тізбесі

1. «Қазақстан Республикасының визаларын беру тәртібі туралы» нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы – Сыртқы істер министрінің 2002 жылғы 24 желтоқсандағы № 08-1/77 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 27 желтоқсандағы № 806 бірлескен бұйрығы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2162 болып тіркелген, «Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері бюллетенінің» 2003 жылғы № 25-26, 867-құжатында жарияланған).

2. «Қазақстан Республикасының визаларын беру тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы – Сыртқы істер министрінің 2002 жылғы 24 желтоқсандағы № 08-1/77 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 27 желтоқсандағы № 806 бірлескен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрінің 2003 жылғы 8 қыркүйектегі № 08-1/126 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2003 жылғы 21 қарашадағы № 661 бірлескен бұйрығы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2604 болып тіркелген).

3. «Қазақстан Республикасының визаларын беру тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы – Сыртқы істер министрінің 2002 жылғы 24 желтоқсандағы № 08-1/77 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 27 желтоқсандағы № 806

бірлескен бұйрығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрінің 2003 жылғы 3 желтоқсандағы № 08-1/187 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2003 жылғы 18 желтоқсандағы № 724 бірлескен бұйрығы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2662 болып тіркелген) .

4. «Қазақстан Республикасының визаларын беру тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы – Сыртқы істер министрінің 2002 жылғы 24 желтоқсандағы № 08-1/77 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 27 желтоқсандағы № 806 бірлескен бұйрығына толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрінің 2004 жылғы 25 мамырдағы № 08-1/123 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 23 маусымдағы № 357 бірлескен бұйрығы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3022 болып тіркелген, «Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері бюллетенінің» 2005 жылғы № 9-13, 50-құжатында жарияланған) .

5. «Қазақстан Республикасының визаларын беру тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы – Сыртқы істер министрінің 2002 жылғы 24 желтоқсандағы № 08-1/77 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 27 желтоқсандағы № 806 бірлескен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрінің 2004 жылғы 19 қазандағы № 08-1/254 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 1 қарашадағы № 605 бірлескен бұйрығы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3247 болып тіркелген, «Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері бюллетенінің» 2005 жылғы № 14, 65-құжатында жарияланған) .

6. «Қазақстан Республикасының визаларын беру тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы – Сыртқы істер министрінің 2002 жылғы 24 желтоқсандағы № 08-1/77 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 27 желтоқсандағы № 806 бірлескен бұйрығына толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрінің 2006 жылғы 22 қыркүйектегі № 08-1/276 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 25 қыркүйектегі № 468 бірлескен бұйрығы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4426 болып тіркелген, 2007 жылғы 12

қаңтардағы «Заң газетінің» № 5 (1208) жарияланған).

7. «Қазақстан Республикасының визаларын беру тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы – Сыртқы істер министрінің 2002 жылғы 24 желтоқсандағы № 08-1/77 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 27 желтоқсандағы № 806 бірлескен бұйрығына толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрінің 2007 жылғы 29 маусымдағы № 08-1-1-1/200 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2007 жылғы 4 шілдедегі № 272 бірлескен бұйрығы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4841 болып тіркелген, 2007 жылғы 10 тамызындағы «Заң газетінің» № 122-де (1325) жарияланған).

8. «Қазақстан Республикасының визаларын беру тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы – Сыртқы істер министрінің 2002 жылғы 24 желтоқсандағы № 08-1/77 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 27 желтоқсандағы № 806 бірлескен бұйрығына толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрінің 2007 жылғы 3 қыркүйектегі № 08-1-1-1/257 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2007 жылғы 6 қыркүйектегі № 365 бірлескен бұйрығы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5002 болып тіркелген, 2007 жылғы 29 қарашадағы «Заң газетінің» № 183-де (1386) жарияланған).

9. «Қазақстан Республикасының визаларын беру тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы – Сыртқы істер министрінің 2002 жылғы 24 желтоқсандағы № 08-1/77 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 27 желтоқсандағы № 806 бірлескен бұйрықтарына толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрінің 2007 жылғы 07 желтоқсандағы № 08-1-1-1/415 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2007 жылғы 24 желтоқсандағы № 494 бірлескен бұйрығы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5098 болып тіркелген, 2008 жылғы 1 ақпандағы «Заң газетінің» № 16-да (1416) жарияланған).

10. «Қазақстан Республикасының визаларын беру тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы – Сыртқы істер министрінің 2002 жылғы 24 желтоқсандағы № 08-1/77 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 27 желтоқсандағы № 806 бірлескен бұйрығына толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрінің міндетін атқарушының 2009 жылғы 13 наурыздағы № 08-1-1-1/55-1 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2009 жылғы 27 мамырдағы № 116 бірлескен бұйрығы (Қазақстан

Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5654 болып тіркелген, 2009 жылғы 8 мамырдағы «Заң газетінде» № 69 - да (1 4 9 2) ж а р и я л а н ғ а н).

11. «Азаматтарына қатысты визалық рәсімдер жеңілдетілген елдер тізімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрінің 2002 жылғы 28 желтоқсандағы № 08-1/81 және Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 27 желтоқсандағы № 805 бірлескен бұйрығы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2162/1 болып тіркелген).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК